**Батыс Қазақстан облысы**
**Казталов ауданы**
**"Нұрхан"ЖК**
**Балбөбек жеке бөбекжайы.**

Бекітемін:

«Балбөбек» жеке бөбекжайының директоры: А.А.Төлеуғалиев

ЖК "Нұрхан"

**«Балапан» ортаңғы тобының 2024-2025 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспары**

**2024-2025 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**
**Топ: «Балапан»**

**Мақсаты:** Ата-аналарды бөбекжай өміріне белсенді қатыстыру арқылы отбасылық құндылықтарды жаңғырту, баланы қоғамға бейімдеудегі ата-ананың рөлін айқындау және балалардың әлеуметтік-психологиялық мәселелерін шешуде өзара сенімді серіктестік орнату.

| № | Тақырыбы | Өтілетін уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | **1.«Білім күні»** ертеңгілік шара.<br>2. «Отбасындағы және бөбекжайдағы бала тәрбиесі» **№1 ата-аналар жиналысы**<br>**3.«Отбасы күні» фото-суреткөрмесі**<br>4.Пікір алмасу : «Баланы өз-өзіне қызмет етуге дағдыландыру» . | Қыркүйек | **Әдіскер: А.Жумагалиева**<br>Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова Т.Жумагалиева |
| 2. | **Ата-аналарға кеңес: «Балаларды жыл мезгіліне сай киіндіру»**<br>3. **Ертеңгілік :** « Берекелі Алтын күз!»<br>**4.Ашық есік күні** | Қазан | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова Т.Жумагалиева<br>Ата-аналар |
| 3. | **1. Алтын күз көрмесі**<br>2. **Кеңес беру :**«Балаға қандай дәрумен керек?» | Қараша | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова Т.Жумагалиева<br>Медбике: Р.Тулегенова<br>Ата-аналар |
| 4. | 1. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»<br>**№2 ата-аналар жиналысы**<br>**2.Ертеңгілік: «Жасыл шырша жанында»**<br>3.Тұмаудың алдын алу. | Желтоқсан | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова Т.Жумагалиева<br>Медбике: Р.Тулегенова |
| 5. | **1.Апталық: «Қыс қызықтары»**<br>**«Шынықсақ шымыр боламыз» қысқы ойындар** ,<br>**2. «Әжем үйреткен ұлттық ойындар» Әжелер мектебі**<br>**3. Ашық есік күні** | Қаңтар | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова Т.Жумагалиева<br>Медбике: Р.Тулегенова<br>Ата-аналар |
| . | 1. «Гаджеттердің бала өміріне ықпалы» дөңгелек үстел | Ақпан | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова Т.Жумагалиева |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сауалнама:**«Бала тілі неліктен кеш шығады?» | | Ата-аналар |
| 7. | 1.«Баланың ұсақ моторикасы және оның сөйлеумен байланысты» **№3 ата-аналар жиналысы**<br><br>**Мерекелік ертеңгіліктер**<br><br>«Аналар -асыл жандар» мерекелік шара<br>**2.Салт-дәстүрді сақтаймыз**<br>«Отбасы бақыт мекені» бейнеролик.<br>«Ана қол өнері- ұрпаққа мұра»<br>Аналар мектебі<br>(Наурыз мерекесіне байланысты салт –дәстүр көрсету. Әжелер, әкелер, аналар мектебі катысуымен)<br>**3 .8 наурыз «Ана өмір шуағы»**<br>**22 наурыз «Наурыз жыл басы»**<br>«Наурызнаманы» көлемді тойлау. | Наурыз | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br><br>Медбике: Р.Тулегенова<br><br>Ата-аналар |
| 8. | **1. «Атаңнан мал қалғанша,тал қалсын» челленж**<br>**2. Сауалнама:** «Бала тілін дамыту бойынша ата-аналарға арналған сауалнамалар»<br>**3. Эко-акция: «Әжеммен бірге гүл егемін!» .**<br>**Әжелер мектебі**<br>**4.Ашық есік күні** | Сәуір | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br><br>Ата-аналар |
| 9. | 1.«Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы»<br><br>**№4 ата-аналар жиналысы**<br><br>**2.Ертеңгілік: «Достығымыз жарасқан»**<br><br>3. 7,9 мамыр мерекелік шара<br>**«Біздің батыр бабалар» консилиум**<br>**Әкелер мектебі**<br>**4.Жазғы сауықтыру жоспары**<br>**5. Кеңес беру:**<br>- Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру | Мамыр | Тәрбиешілер: Т.Қабдықалықова<br>Т.Жумагалиева<br><br>Медбике: Р.Тулегенова<br><br>Ата-аналар |

_______бет нөмірленіп, баумен
тігілді, мөрленді

«Нұрхан» ЖК жетекшісі _______ А.А.Төлеуғалиев

«Балбөбек» жеке бөбекжайы

# Ата-аналар
# жиналысының хаттамалары
# «Балапан» ортаңғы тобы

2024-2025 оқу жылы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1.

Хаттама №1. Күні: 23-қыркүйек 2024ж.

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. „Отбасындағы және балабақшадағы бала тәрбиесі" (баяндама)
2. Ата-аналар мен „Балбөбек" және бөбекжай арасындағы келісім шарт жасау.
3. Ата-аналар комитетін сайлау.
4. Балалардың оқу-құралдары, тазалығы т.б. ақылдасу мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша

- „Отбасындағы және балабақшадағы бала тәрбиесі" тақырыбындағы баяндамамен жаңа тәрбиеші Жұматалиева Т. таныстырды. Ата-аналарға топтағы жаңа тәрбиешімен таныстырылды.

Екінші мәселе бойынша, ата-аналар мен „Балбөбек" және бөбекжайға арасындағы келісім шартпен таныстырылды. Оқудың ортадағы қажетті мақсаттар мен міндеттер және таныстырылды. Ата-аналар арасында дау туындайтын мәселелер реті де қаралды.

Үшінші мәселе бойынша, Ата-аналар комитетінің мүшелері сайлау аумағына келіп, төрағасы Тлеужабылова Айгөз, мүшелері Катаева Шолпан мен Таймұратова Мөлдірім сайланды.

Төртінші мәселе бойынша, балалардың оқу-құралдарының барлығын айтып, тапсырмаларды беру сұралды. Ата-аналарға бала қойылатын талаптар баланың кезде жетуге байланысты заттар, тазалық, тәртіпті бол туралы ережемен таныстырылды. Ата-аналардың бала бақшаға баланың қатысуы жөнінде ой-пікірлер айтылды.

Тараптар:

Жігер мен Гаухар әжесі Жанат-апа:

- Барлық айтылған мәселелер өте орынды. Біз барлығына бірінде қатысамыз ортадағы жоқ деген ойдамын. Рақмет ісіңізге сәттілік тілеймін.

Қазына: Апай толтыра жиналса, қосылса тиім апаратынға жаңа балабақшаға баланы барғанына қуанып жүр, бар ықыласымен беріп барамыз. Сіздерге рахмет.

Байнур: Тәрбие реизалық, апайларына үлкен рахмет!

Қаулы:

1. Өткізілген басқосуда кеңесінде ата-аналар пікірі қорытындыланды. Отбасы, балабақша бала тәрбиесіне ынтымақтастық талаптары. Ата-ана мен тәрбиешілерге міндеттелсін.

2. Ата-ана мен бөбекжай арасындағы келісім шартымен таныстырып, ондағы мақсат, міндеттерді таныстырылды. Бөбекжайға келесіде ең маңызды қол қойылып, бір данасын ата-аналарға беріледі.
Орындау ата-ана мен тәрбиешілерге міндеттелсін.

3. Ата-аналар комитеті сайланды. Оны орындау бала өсіру комитеті мүшелері мен төрағасына міндеттелсін.

4. Балаларға қажетті оқу құралдарды тізімін толық тапсыру ата-аналарға міндеттелсін.

Тәрбиешілер: Қабдрхатина Фатима Нұрлыбек

# Ата-аналар жиналысының №2 хаттамасы

Хаттама: №2. Күні: 24-желтоқсан 2024жыл.

Қатысқаны: 18 адам

Қатыспағаны: 3 адам

Күн тәртібі:

1. „Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі" тақырыбындағы баяндама
2. „Жасыл шырша жанында" ертеңгілігін өткізу туралы жоспармен бөлісу.
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. „Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі" баяндамасымен тәрбиеші Жумабаева Тазагүл оқып таныстырды.

2. „Жасыл шырша жанында" жаңа жылдық ертеңгілігі 29-желтоқсан күні өтетіні хабарланды. Соған орай балаларға тапсырмалар берілді: Қыздар би билейді, соның киімдерін дайындау, масқарадтың киімін кигізетінін хабарлау.

3. Балалардың бет және бас тазалығын қадағалау.

елдегі түрін тапқан тамаққа байланысты сақтық шараларын ұстану. Тіркеме кеңестер берілді. Поликлиникада ауру себебіне орай қалған уақытты дәрігерден анықтама және керек шара да бір рет ескертілді.

Жарыссөз:

1. Гүлжан апа Диастың анасы:
— Баяндамада өте керемет айтылды. Өте дұрыс, орынды. Айтқан кеңестеріңіз бәріде өмірден алынған, біз ата-аналар кейде осы мәселелерге сай жүйелі етпейміз рас. Жауап ризамын.

2. Аягөз Айнаның анасы:

— Мен ата-аналар комитетінің мүшесі ретінде балаларға боярлық мерекелік сыйлық ретінде алуды ұйымдастыруды жөн көреді.

— Мөлдір Шуғыланың анасы:
— Иә дұрыс айтасыз. Өзіміз шынымен, тамаша бір кешенді керемет балалар Аяз атадан сыйлық күтеді.

3. Алтын Жігердің анасы:
— Айтуыңыз орынды шағын немесе осы айтылған ескертуден қорытынды шығарамыз. Балалар қуанады.

— Фарида Айсұлтанның анасы:

- Иә балалар ауырмасын. Аурудың алдын алайық. Дәрігерге көрсетіп, емдетеміз. Анықтама алып береміз, ауырған жағдайда.

Қаулы:

1. Бірінші мәселе бойынша бала тәрбиесіне ата-аналар баланы бірінші орында жанашырлық танытамыз. Біздің басты міндетіміз. Бала тәрбиесіне осы күш беріп, қадағалау ата-аналарға міндеттелсін.

2. Екінші жаңа жылдау ертеңгілікке ата-аналар комитеті мен тәрбиешілер бірігіп өткізу міндеттелсін. Өтетін ертеңгілік ата-ананың қатысуымен өтеді.

3. Балалардың жеке бас тазалығын үйден қадағалау ата-аналарға міндеттелсін.

Тәрбиешілер: Қабдұғалиева А.

Жұмабаева Г.

Хатшы:

Ата-аналар жиналысының
хаттамасы №3.

Хаттама №3 Күні: 18-наурыз 2024 ж.

Қатысқаны: 18 адам
Қатыспағаны: 2 адам

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. „Ата-ана махаббаты. Баланың оны көріп, естіп, сезуі үшін не істеу керек?" тақырыбындағы баяндама.
2. Баланың жеке гигиенасы, шкаптағы артық заттар, баланың балабақшаға қатысы.
3. Мерекеге орай дайындық жүргізу.

Тыңдалды:

1. „Ата-ана махаббаты. Баланың оны көріп, естіп, сезінуі үшін не істеу керек?" баяндамасын топ тәрбиешісі Жұманазарова Т. таныстырды.
2. Топтағы чатында қосылған бөбекжай дәрігері Төлегенова Ф. балалардың жеке бас тазалығын ескертті: қолдардың шаштарын таза ұстау, педикулез туралы мәлімдеме жасады.
3. Наурыз мерекесіне ата-аналар қатыса алмайтын бірнеше балаларға ұлттық тағамдарды

өзара бөлісіп алды. Үйінің әдие
аяуларда отанда.

Жарыссөз:

Әлия әже: Баяндамаңыз тамаша
болды. Дұрыс айтылған "үй ажары
ажар құт береді" деп түрлі балаға деген
махаббатты, сүйіспеншілікке толы
болуды естен шығармаймыз рас.
Жарасты керемет.

Айгерім Айжана анасы: Баланың
басы өзімдікі, шашым көпшілікке
таралып жатады. Апайымыздың
естерінің айтылды. Таза етіп
тарасамын.

Айнагүл Айшана анасы: Әлемге
орап үйіміздің тағамын өзара
бөлісіп алайық. Нағыз өтелік
нұрлы жемісін береміз.

Қаулы:

1. Баяндамада айтылғандай
ата-ананың балаға деген махаббаты
мен сүйіспеншілігін танытатын
өзек пен көзі болып, бар назарда
балада болып шығып.
Ата-ана мен бала арасындағы
бітпес, ажырамас махаббат бар
ол заңды.

2. Тәрбиешілер дәрігерлердің есепте-
месінен қорғалады шығарып,
ата-аналарға міндеттілігін.
Қадағалау дәрігерге міндеттеле

3. Мерекенің шараға орай жаттауын дайындасын, оның өтуі. Ата-аналар мен тәрбиешілерге міндеттелсін.

Тәрбиешілер: Қабдиқаппарова Т.
Жұмағалиева П.

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

Өткен күні: 20.05 2025ж.

Қатысқаны: 15 адам

Қатыспағаны: 4 адам

Күн тәртібі:

1. Қауіпсіз жаз: Балалардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастырылуы.
2. 2024 - 2025 оқу жылында „Балапан" ортаңғы тобы тәрбиеленушілеріне жүргізілген мониторинг қорытындысы.
3. Алдағы межелер.

Тыңдалды:

1. Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік туралы баяндама және баланың бос уақытын тиімді пайдалану туралы ата-аналарға кеңестер берілді. Бейнеролик арқылы түрлі мысалдар келтірілді. Баланың өмір қауіпсіздігі біз бен сізге өте маңызды екені айтылды.

2. 2024-25 оқу жылында топ тәрбиеленушілеріне жүргізілген мониторинг қорытындысын баяндады. Тәрбиеленушілердің жеке даму картасы бойынша әр баланың білім деңгейі, дамуы сараланғаны айтылды. Баланың қаншалықты деңгейге түсіп, көтерілгені де айтылды.

3. Алдағы жаз айында Балалардың Қорғау күні, Астана күніне орай өтетін мерекелерге дайындық жұмыстары аталып өтті. Мерекені тойлап қана қоймай, ондағы бала өмірімен денсаулығына жауапкершілік аталып өтті.

Жарыссөз:

1. Исламның анасы Венера сөз алды: Жаз мезгіліндегі қауіпсіздікке аса мән береміз. Су, өрт қауіпсіздігі назардан тыс қалмайды. Балаларға ескертіп отырамыз.

Айзеренің анасы:
Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік тақырыбы айтылды, әрине ол жөнінде жауаптымыз. Суға шомылуға үлкендердің қараусыз бармайды. Жолға ойнамаңыз деп жиі ескертеміз

2. Айбибінің анасы:
Мамандарның, баулау, және даму картасын қарап отырып қызының жоғары деңгейде даму көрсеткішін көп сала бойынша көрсеткенін көріп отырмын, өте керемет рахмет!

Ерназдың анасы:
Баламның даму деңгейіне байланысты айтқанға отырмын, өте жақ тұйық балам. Сурет салуға, тақпақ жаттауға жесіздеуміз. Басқа сала бойынша жақсы екен.

3. Мерекелік шара:

Нұртастың анасы:
Әрине баланың өмірі мен денсаулығын маңызды сіз бен біз болып, мерекені жақсы өткерік-шығайық.

Қаулы:

1. Балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігін қатаң сақтау ата-аналардың басты міндеті ретінде қабылдансын.

2. Оқу жылының мониторинг қорытындысы және даму карталарының нәтижесі бойынша қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Бөбекжай ішілік және аула аумағындағы мерекелік, ойын-сауық іс-шараларын өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлескен бақылауында болсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:

12 (он екі) бет нөмірленіп, баумен тігілді, мөрленді

«Нұрхан» ЖК жетекшісі: А.А.Төлеуғалиев

Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК

«Балбөбек» жеке бөбекежайы

Пікір алмасу

Тақырыбы:

# «Баланы өз-өзіне қызмет етуге дағдыландыру»

Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова

Т.Қ.Жұмағалиева

2024-2025 оқу жылы

Пікір алмасу

**Тақырыбы:** ***«Баланы өз-өзіне қызмет етуге дағдыландыру»***

**Мақсаты:**

Ата-аналармен балаға өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы туралы пікір алмасу, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

**Міндеттері:**

Баланың жас ерекшелігіне сай өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру жолдарын түсіндіру;

Ата-аналардың тәжірибесімен бөлісуіне мүмкіндік жасау;

Баланың дербестігін дамытуға бағытталған ортақ ұсыныстар әзірлеу.

Қатысушылар:

Ата-аналар, тәрбиешілер, психолог.

Іс-шара барысы

I. Кіріспе бөлім

Қатысушылармен амандасу.

Іс-шараның мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.

«Дербестік – бала дамуының негізі» тақырыбында қысқаша кіріспе сөз.

II. Негізгі бөлім

1. Ақпараттық бөлім Тәрбиеші баланың өз-өзіне қызмет ету дағдыларының маңыздылығы туралы түсіндіреді.

Киіну және шешіну;

Қол жуу, тіс тазалау;

Тамақтану мәдениеті;

Ойыншықтарды орнына жинау;

Өз заттарына ұқыпты қарау.

2. Пікір алмасу Ата-аналар төмендегі сұрақтар төңірегінде ой бөліседі:

Балаңыз үйде қандай істі өз бетінше орындайды?

Қандай дағдыларды қалыптастыру қиындық туғызады?

Баланы ынталандырудың тиімді жолдары қандай?

3. Жағдаяттарды талдау Қатысушыларға өмірлік жағдаяттар ұсынылып, оларды бірге талқылайды.

4. «Пайдалы кеңес» бөлімі Әр ата-ана бала тәрбиесіне қатысты өз тәжірибесімен бөлісіп, тиімді әдістерін ұсынады.

III. Қорытынды бөлім

Қатысушылардың пікірлерін қорытындылау.

«Баланың дербестігін дамытуға арналған кеңестер» жадынамасын тарату.

Кері байланыс («Бүгін мен білдім...», «Мен қолданамын...»).

Алғыс айту.

**Күтілетін нәтиже:**

Ата-аналар баланың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастырудың маңызын түсінеді.

Отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланыс нығаяды.

Балалардың дербестігі, жауапкершілігі және өзіне деген сенімділігі артады.

Ата-аналар күнделікті өмірде қолдануға болатын тиімді тәрбие тәсілдерімен танысады.





*Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК*

*«Балбөбек» жеке бөбекежайы*

**Тақырыбы:**

# *«Шынықсақ – шымыр боламыз!»*

**Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы:

# «Шынықсақ – шымыр боламыз!»

**Мақсаты:**

Балалардың қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру, қысқы ойындар арқылы денсаулығын нығайту, ептілікке, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту;

Салауатты өмір салтын қалыптастыру;

Қысқы ойындарға деген қызығушылығын арттыру;

Бірлесіп ойнау арқылы достыққа тәрбиелеу.

**Қатысушылар:**

Бөбекжай  тәрбиеленушілері, тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы.

Өткізу орны:

Балабақшаның ойын алаңы.

Қажетті құралдар:

Шаналар, қар кесектері, жалаушалар, құрсаулар, конустар, кеглилер, доптар, марапаттау медальдары.

Іс-шара барысы

I. Кіріспе бөлім

Балаларды қарсы алу.

Шаттық шеңбері.

Қыс мезгілі туралы қысқаша әңгіме.

Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру.

II. Негізгі бөлім

**1. «Қар ұлпасын жеткіз»**

Эстафета: балалар қар кесегін немесе ақ допты белгіленген жерге жеткізеді.

2. **«Шанамен жарыс»**

Командалар кезекпен шананы сүйреп мәреге жетеді.

3. **«Мерген бол!»**

Қар кесектерін немесе жұмсақ доптарды нысанаға дәл лақтыру.

4. **«Қар арасымен жүріп өт»**

Кедергілерден өтіп, жалаушаларды айналып келу.

5. **«Кім жылдам?»**

Жүгіру және секіру элементтері бар көңілді эстафета.

III. Сергіту сәті

«Қыс келді» әніне қимылды би.

Қыс туралы жұмбақтар шешу.

IV. Қорытынды бөлім

Барлық қатысушыларды мадақтау.

Марапаттау рәсімі.

Естелік суретке түсу.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың денсаулығы нығайып, қимыл-қозғалыс белсенділігі артады.

Қысқы ойындарға қызығушылығы қалыптасады.

Ептілік, жылдамдық және ұйымшылдық қасиеттері дамиды.

Салауатты өмір салтына деген оң көзқарас қалыптасады









***Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК***

***«Балбөбек» жеке бөбекежайы***

**Тақырыбы:**

# *«Гаджеттердің бала өміріне ықпалы»*

**Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова**

**Т.Қ.Жұмағалиева**

2024-2025 оқу жылы

**Тақырыбы:**

*«Гаджеттердің бала өміріне ықпалы»*

**Мақсаты:**

Ата-аналарға гаджеттердің балалардың дамуына тигізетін оң және теріс әсерлері туралы ақпарат беру, экран уақытын тиімді ұйымдастыру жолдарын талқылау.

Қатысушылар: ата-аналар, тәрбиешілер, психолог.

Көрнекіліктер: презентация, суреттер, жағдаяттар жазылған карточкалар, жадынамалар.

Барысы

1. Кіріспе сөз (5 минут)

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Бүгінгі дөңгелек үстеліміздің тақырыбы – «Гаджеттердің бала өміріне ықпалы». Қазіргі таңда телефон, планшет, компьютер – күнделікті өміріміздің бір бөлігі. Сондықтан балалардың оларды дұрыс пайдалануына бағыт беру – бәріміздің ортақ міндетіміз.

2. Пікір алмасу (10 минут) Талқылауға арналған сұрақтар:

Балаңыз гаджетті күніне қанша уақыт қолданады?

Гаджеттің қандай пайдасын байқайсыз?

Қандай қиындықтарға тап болдыңыз?

Баланың бос уақытын гаджетсіз қалай ұйымдастыруға болады?

3. Жағдаяттарды талдау (10 минут)

Жағдаят 1: Бала телефонсыз тамақ ішпейді. Не істер едіңіз?

Жағдаят 2: Бала ұйықтар алдында ұзақ уақыт телефон қарайды. Қалай әрекет етесіз?

Ата-аналар өз пікірлерімен бөліседі.

4. Психологтың кеңесі (5 минут)

Экран уақытын шектеу.

Ұйқы алдында 1 сағат бұрын гаджетті қолданбау.

Баламен бірге кітап оқу, ойын ойнау.

Үлкендердің өздері де үлгі болуы.

5. Қорытынды (5 минут) Баланың жан-жақты дамуы үшін гаджет – тек көмекші құрал болуы керек. Ең маңыздысы – ата-ананың назары, мейірімі және бірге өткізген сапалы уақыты.

Ата-аналарға ұсыныстар

Күн тәртібін сақтаңыз.

Гаджет қолдану уақытын келісіп белгілеңіз.

Ашық ауада серуендеуді көбейтіңіз.

Отбасылық ойындар мен шығармашылық жұмыстарға уақыт бөліңіз.

Баламен гаджетте көрген ақпаратты бірге талқылаңыз.

Қорытынды сөз:

«Технология – баланың дамуына қызмет етуі керек, ал балалық шақты алмастырмауы тиіс.»







*Казталовка ауданы Көктерек ауылы «Нұрхан» ЖК*

*«Балбөбек» жеке бөбекжайы*

**Тақырыбы:**

# *«Әжеммен бірге гүл егемін»*

Топ тәрбиешілері: Т.Т.Қабдықалықова

Т.Қ.Жұмағалиева

2024-2025 оқу жылы

# «Әжеммен бірге гүл егемін»

**Мақсаты:** Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, гүл отырғызу тәсілдерін үйрету, еңбекке баулу және әже еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Міндеттері**:

Гүлдердің адам өміріндегі маңызын түсіндіру;

Балаларды гүл егу және күту дағдыларына баулу;

Үлкендерге қамқорлық көрсетуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Қатысушылар: балалар, әжелер, тәрбиеші.

Қажетті құралдар: гүл құмыралары, топырақ, гүл көшеттері немесе тұқымдары, су құятын құты, қолғап, алжапқыш.

Іс-шара барысы

I. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші: – Сәлеметсіздер ме, құрметті әжелер мен балалар! Бүгін біз «Әжеммен бірге гүл егемін» атты іс-шарамызда табиғатқа қамқорлық жасаудың маңызын үйренеміз. Әжеміздің ақыл-кеңесін тыңдап, бірге гүл отырғызамыз.

Әже: – Балаларым, гүл – табиғаттың көркі. Гүл еккен адам мейірімді, еңбекқор болады. Ендеше, бәріміз бірге гүл отырғызайық!

**II. Негізгі бөлім**

1. Әңгімелесу

Гүлдер не үшін қажет?

Үйде немесе аулада қандай гүлдер өседі?

Гүлге қалай күтім жасау керек?

2. Практикалық жұмыс

Құмыраға топырақ салу.

Гүл көшетін немесе тұқымын отырғызу.

Су құю.

Құмыраны жарық жерге орналастыру.

4. Ойын: «Гүлді тап» Балалар гүлдердің суреттерін атап, түсі мен ерекшеліктерін айтады.

**III. Қорытынды бөлім**

Әже: – Бүгін бәрің де еңбекқор екендеріңді көрсеттіңдер. Гүлдеріңді күнде суарып, жақсы күтсеңдер, олар жайқалып өседі.

Тәрбиеші: – Балалар, бүгін не үйрендік? – Гүлді қалай күту керек?

Балалардың жауаптары тыңдалып, белсенді қатысушылар мадақталады.

Қорытынды:

Балалар гүл отырғызудың қарапайым тәсілдерін меңгереді, табиғатты аялауға, еңбек етуге және үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиеленеді.

Ұраны: «Бір тал гүл еккен адам – табиғатқа мейірім сыйлаған адам.» □



